

Л 2008

У196к

ТҮРСЫНБЕК КӘКІШЕВ

ОКЛЯБРЬ
ӨРКЕНІ

ТҮРСЫНБЕК
КӘКІШЕВ

ОКЛЯБРЬ ӨРКЕНІ

*Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу
дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері
жайында (1917—1929 ж.)*

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1962

8 Қаз 2
Қ 24

Бұл монографиялық еңбекте қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері зерттеледі. 1917—1929 жылдар арасындағы әдеби атмосфераның түйінді мәселелері нақты және тарихи деректерге негізделіп, жан-жақты талқыланады.

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірімен танысам дегендерге бұл кітап көп мағлұмат береді.

КІРІСПЕ

Бүкілодақтық, сонымен бірге дүние жүзілік сахнаға шыққан қазақ әдебиетінің даму, өркендеу мәселелері кең көлемде байыпты зерттеліп, соңғы он шақты жылдың ішінде қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі екі рет жазылып шықты. «Очерктің...» соңғы нұсқасы әдеби дамудың заңдылықтарын ашу жағынан болсын, шығармаларға эстетикалық талдау жасау жағынан болсын, ғылыми тұжырымдары жағынан болсын — қазақ әдебиеттану ғылымының марқайғандығының, өркендегенінің айғағы.

Қазақ совет әдебиеті тарихының барлық проблемалары түп-түгел шешімін тапты, енді зерттейтін мәселе қалмады деген ұғым тумайды. Әлі де болса терең зерттелетін, айқындықпен баяндалатын бірқыдыру мәселелер бар. Солардың бірі — күрес майданында қалыптасқан қазақ совет әдебиетінің идеялық-творчестволық проблемалары. Сондықтан да 20-жылдардағы қазақ әдебиетінің социологиялық және эстетикалық негіздері, қоғамдық ұлы өзгерістерге сабақтаса туған жаңа әдеби құбылыстар, творчестволық күштерді ұйымдастыру сияқты мәселелер арнайы әңгімелеуді қажет етеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қол жеткен табыстарын мүмкін қадерінше еске алған уақытта жоғарыда айтылған проблемалардың арнайы зерттелінбей, жол-жөнекей сөз болып келгендігін, кейбір кезде даулы, тіпті қате, жаңсақ пікірлер айтылғандығын аңғару қиындыққа түспейді. Әдебиеттану саласындағы мұндай кемшіліктің объективтік те, субъективтік те себептері бар. Жұртқа мәлім, партияның тарихи XX съезінің шешіміне дейін жеке адамға табынушылықтың зардаптары салда-

рынан әдебиетіміздің негізін салған Сәкен Сейфуллиннің, жас әдебиетті қалыптастыру, өркендеу жолында аянбай еңбек еткен Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сабыр Шарипов сияқты көптеген қаламгерлердің творчествосын зерттеуге мүмкіндік болмады. Әдебиетіміздің нағыз ғылыми тарихын жасауға бұл жағдайдың көптеген зияны тиді. Осыдан да Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Шарипов сияқты ақын-жазушылардың творчестволық ерекшеліктері мен әдебиетке қосқан үлестері жұртшылығымызға белгісіз болып келді.

Алайда, кейбір әдебиет зерттеушілері принцип жағынан айқындап алуға болатын көркемдік даму проблемаларын кейде жабулы күйінде қалдырып, орағыта өте шыққандықтан әдебиет тарихында қажетті шешімін табуға тиісті кейбір өзекті мәселелер қаға берісте қалып қойды. Соның нәтижесінде әдебиеттану ғылымында қоғамдық даму мен көркемдік дамудың заңдылықтарынан гөрі кездейсоқ көріністерге сүйенген, әдебиеттің өсу, өркендеу процесіне онша тән болмаған жеке-дара детальдарға негізделген кейбір жаңсақ пікірлер көп уақытқа дейін орын алып келді.

Қазақ совет әдебиетінің туу, қалыптасу дәуірінде орасан көп еңбек еткен әдебиет қайраткерлерінің бірсыпырасы орынсыз кінәланғандықтан ол кезеңдегі әдеби атмосфера да, ішкі және сыртқы күрестер де, идеялық-творчестволық проблемалар мен өнерпаз күштерді ұйымдастыру мәселелері де нағыз ғылыми зерттеуден сырт қалды. Осындай күрделі проблемалармен қатар, қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірінде өздерінің творчестволық қабілетіне сай жас әдебиетке азды-көпті үлес қосқан Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов, Самат Нұржанов, Аманғали Сегізбаев, т. б. сияқты ақын-жазушылар мен публицистер еленбей келді, олардың творчествосы зерттелінбеді. Соның салдарынан қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуіріне арналған еңбектерде ғылыми нақтылықтан гөрі жалпылама топшылай айтылған пікірлер басым болды. Орта мектептің X класына арналған «Қазақ совет әдебиетінің» 1942 жылғы оқулығында, Б. Қенжебаевтың «Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі» атты зерттеу мақаласында, 1949 жылы Х. Жұмалневтің редакциясымен шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіне» ылайықтап жазылған Қ. Жармағамбетовтың «Қазақ совет әдебиеті дамуының

алғашқы кезеңі» (1917—1929 жылдар) дейтін еңбегінде, Т. Нұртазиннің Сәбит Мұқанов жайында 1949 жылы шыққан монографиялық зерттеуінде қазақ совет әдебиетінің 20-жылдардағы өсу-өркендеу процестері толық қамтылмады.

КПСС XX съезінің тарихи шешімінен кейін қазақ әдебиеттану ғылымы ертеректе кеткен ірілі-уақты қателерді жоя бастады. Соңғы уақытта қазақ совет әдебиетінің қалыптасу және өркендеу мәселелерін зерттеудің негізгі бағыты айқындалды. Партияның тарихи қаулысына, Н. С. Хрущевтың әдебиет жайлы сөйлеген сөздеріне сүйене отырып республиканың ғылыми ойы өресі биік арна тауып, дами бастады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының бірден-бір дұрыс жолмен өркендеп келе жатқандығына және алымы молайып, айтары нақтылана түскендігіне соңғы жылдары жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектері дәлел. Біз өзіміздің осы кішкене еңбегімізде «Қазақ ССР тарихының» II томы мен «Қазақ совет әдебиеті тарихы очеркінің» негізгі тұжырымдары мен қорытындыларына сүйендік. Және С. Мұқановтың, М. Әуезовтің, Е. Ысмайыловтың, М. Қаратаевтың, тағы басқа ғалымдар мен сыншылардың пікірлеріне ұқыптылықпен назар аудара отырып, 20-жылдардағы қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу, өркендеу процестерін пайымдауға көптеген мағлұмат берген баспасөз бен архив материалдарына, әсіресе ҚКП Орталық Комитеті жапындағы Партия тарихы институты архивының, СССР әдебиеті мен көркемөнерінің орталық мемлекеттік архивының, Қазақ, Өзбек ССР-ы мен Башқұрт, Татар АССР-ларының архивтарының және тағы басқа архивтардың деректерін пайдаландық.

* * *

Коммунистік партияның тарихи қаулы-қарарларына, әсіресе XX—XXII съездердің шешімдеріне сүйеніп, В. И. Лениннің тарихты жақсылауға да, жамап-жасқауға да болмайды деген кемеңгерлік қағидасын басшылыққа алып, қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелерінің ішкі сырын ашу, оған объективті талдау жасау қажет. Әдеби процестерді талқылаудан бұрын қазақ халқының революциядан кейінгі саяси-экономикалық өркендеуіне, сол дәуірде жү-

зеге аса бастаған мәдени шараларға шолу жасай өткен жөн.

Партияның программалық документтері, Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Совет өкіметінің «Россия азамттарына», «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға», «Россия халықтары правосының декларациясы» және «Россия мен Шығыс мұсылмандарының барлық еңбекшілеріне» жолдаған тарихи үндеулері жаңа заманның жарық күніне ұмтылған қазақ сияқты халықтардың бәріне бұдан бұлай сіздердің дінііңіз бен әдеттеріңіз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз азат және ешкім қол сұға алмайды деп жариялады. Өздеріңіздің ұлттық өміріңізді еркін және ешбір жасқанбай құра беріңіздер. Мұны істеуге сіздердің праволарыңыз бар, өз дағдыларыңыз өз қолдарыңызда деп жар салды.

Мұндай ұлы істі жүзеге асыру үшін Совет өкіметін нығайту, еңбекші бұқараны саяси-әкімшілік ісіне тарту керек болды. Бұл міндетті бұрын «бұратана» аталған халықтарға автономия беру, мектеп, сот, әкімшілік, ағарту мекемелерін ұйымдастыру, қоғамдық-саяси жұмыстың барлығына еңбекшілерді тарту, ана тілінің толық праволы болуын қамтамасыз ету, өз тағдырын өзі шешу правосын беру арқылы жүзеге асыруға болатын еді. Сондықтан да біздің партия әрбір ұлтқа автономия беріп, экономикасын өркендетуге, мәдениетің көтеруге ерекше назар аударды.

Азамат соғысы жылдарында әскери-саяси және шаруашылық мәселелерімен қатар, аз болса да мәдени құрылыс саласында алғашқы қадамдар жасала бастады. Советтердің Ақмола уездік съезі 1918 жылы 2 мартта «Мемлекет есебінен жаппай халық ағарту ісін ұйымдастыру және мектептер салудың жоспарын жасау» мәселелерін көтерді. Ә. Жанкелдин 1918 жылы 25 апрельде Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариатына «Не ескі патша үкіметі, не құлаған Уақытша үкімет қырғыз (қазақ Т. Қ.) халқының мәдени игіліктен нәр алуына, мемлекеттік құрылысына назар аудармады, арнаулы қаражат бөлмеді, оның рухани және материалдық күшін өркендетуге қам жемеді» дей келіп екі жүз мың сом ақша сұрауы сол кездегі экономикалық және мәдени шараларды жүзеге асыру қажеттілігінен туған еді.

Қазақ халқына мәдениет құрылыс ісін барлық салада тыңнан бастауға тура келді. Осы жылдары мәдениет

революциясының тек алғашқы нышандары ғана көріне бастады.

Надандық жайлаған, патша өкіметі тұншықтырып келген қазақ сахарасының мәдениетін өркендету үшін ең алдымен халық сауатсыздығын жою, ел азаматын кәрі демей, жас демей білімге баулу керек болды. Мұны мәдени орталықтан шалғай жатқандар да түсінді. 1918 жылы сентябрьде Қапалдың уездік съезі Жетісудың облыстық бірінші съезіне сайлаған өз делегаттарына әрбір селода мектеп ашуды, әрбір болыста кітапхана, оқу үйін, аурухана ұйымдастыруды тапсырды. Мұны Қазақстандағы жалпы ынта-тілектің бір ғана тармағы деп білген жөн.

1919 жылы 10 июльде В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» декретте «Қырғыз өлкесін шаруашылық және мәдениет жағынан өркендетуге барлық шараларды қолдану» қажеттігі ерекше атап көрсетілді. Елдің шаруашылығы мен мәдениетін көтеру ісі қараңғы, сауатсыз адамдардың қолынан келмейтіні аян. Сондықтан да Семей мен Оралда, тағы басқа ірі қалаларда делегат-нұсқаушыларды, нұсқаушы-үгітшілерді, мұғалімдерді арнаулы курстар арқылы даярлау кадр мәселесін шешудің алғашқы нышаны болса, Совет органдарының қызметіне қазақ интеллигенциясын тарту туралы қырғыз соғыс-революциялық комитетінің 1920-жылғы 27 майдағы бұйрығы да еліміздің экономикалық және мәдени құрылысын жандандырудың алғашқы шараларының бірі еді.

Азамат соғысының негізгі майдандарында шешуші жеңістерге жетіп, бейбіт өркендеу кезеңіне ден қойған уақытта партияның X съезі шақырылды. Жер-жерде жүргізіліп жатқан саяси-мәдени шаралардың бәрін есепке алып, съезд партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттерін белгіледі. Совет мемлекетіндегі халықтардың экономикалық және мәдени дамуының әр келкі екендігін, великорусс емес халықтардың Орталық Россиядан көп артта қалып қойғандығын, оған таяу уақытта теңелу қажеттігін айта келіп, «а) осы халықтардың ұлттық тұрмыс жағдайларына сай келетін формада совет мемлекетін өздерінде дамытып, нығайтуға; б) жергілікті халықтың тұрмысы мен психологиясын білетін жергілікті адамдардан құралған, ана тілінде іс жүргізетін сотты,

әкімшілік орындарын, шаруашылық органдарын, өкімет органдарын өздерінде дамытып, нығайтуға; в) ана тілінде пресса, мектеп, театр, клуб жұмысын және жалпы мәдени-ағарту мекемелерін өздерінде дамытуға; г) маман жұмысшылардың және барлық басқару саласы жөніндегі, ең алдымен ағарту саласы жөніндегі партия-совет қызметкерлерінің жергілікті кадрларын тез даярлау үшін ана тілінде жалпы білім беретін сыпаттағы, сол сияқты мамандық-техникалық сыпаттағы курстар мен мектептерді кеңінен ашу ісін (ең алдымен қырғыздар, башқұрттар, түркмендер, өзбектер, тәжіктер, әзербайжандар, татарлар, дағыстандықтар үшін) жолға қойып, дамытуға» бағытталған комплексті шараларды жүзеге асыру керектігін атап көрсетті.

Қазақтың Автономиялық советтік республикасын құрған Советтердің құрылтай съезі халық ағарту ісі жөнінде алған қаулысында көркемөнердің барлық түрлерін өркендету, театрларды репертуармен қамтамасыз ету, мәдени-ағарту үйірмелерін ұйымдастыру, халық өлеңдері мен музыкасын жазып алып өңдеу, ескі мұраларды сақтау, кітапхана, клуб, музей ашу, мемлекеттік баспа орнын құру мәселелеріне тоқтай келіп, «Халық ағарту комиссариатының жанынан көркемөнер-нұсқау бөлімі ұйымдастырылсын, ол бұқараға эстетикалық тәрбие беру ісіне, республикада көркемөнер ісін жолға қойып, оның өркендеуіне басшылық етсін» деді де, таяу уақытта оқу-ағарту және көркемөнер мәселелеріне арналған съезд шақыруға қаулы алды.

Қазақ АССР құрылған дәуірде 129 кітапхана, 117 клуб, бірнеше қызыл керуен, қызыл отау жұмыс істеді. Әбубәкір Диббаев қазақтың бай әдебиетінің мұраларын онан әрі жинай түссе, А. Затаевич қазақ халқының музыка дариясында еркін жүзіп, 1000 әнін жазып алды. Қазақ өлкесін зерттейтін ғылыми қоғамының негізі қаланды. 1922 жылы Ташкент қаласында «қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы — «Талап» құрылды.

Партияның X съезі белгілеген шаралардың бәрі де нақты жүзеге аса бастады. Солардың ішінен әдебиетке іштей қабысып жататын бір салаға, яғни баспасөз саласының қалай өркендегеніне тоқтай кеткен орынды.

Мәдениет революциясының алғашқы дәуірінде қазақ баспасөзін жасау ісі ең өзекті мәселенің бірі болды. Өйткені бұл айбынды құралсыз қалың еңбекшілермен тіке-

лей байланыс жасау мүмкін емес. Сондықтан коллективтік үгітшіні, насихатшыны, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушыны — газет-журналдарды ашу мәселесі ерекше жедел шараларды талап етті. Партия-совет орындары бұл мәселені нақты қолға ала бастады. «Жизнь национальностей» газетінде Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариатының қазақ бөлімінің жұмысы туралы жарияланған хабарда Бөкей ордасында мәдени-ағарту комиссиясының құрылғандығын айта келіп, «кәзіргі уақытта қазақ бөлімі баспахана табу қамында» деп жазды. Сондай-ақ Орал облыстық революциялық комитетінің 1919 жылғы 15 февральдағы есебінде үгіт секциясының бірнеше үндеуді, әртүрлі бұйрықтарды, М. В. Фрунзенің қазақ халқына арнаған үндеуін қазақ, татар, орыс тілдерінде жариялағандығы, енді «мұсылман шрифтімен арнаулы баспахана ұйымдастыру шаралары қолға алығандығы» айтылды.

В. И. Лениннің Қазақстаннан барған өкілдерді қабылдап, 1920 жылы 4 июньде Воровский мен Милютинге жазған запискасында: «Қырғыз жолдастар

әріпкүйғыш,
баспахана
және қағаз

тауып беруді өтінеді. Оларды қабылдап, қолыңыздан келетін барлық жәрдемді көрсетуіңізді өте сұраймын» деуі ұлт баспасөзін өркендету жөніндегі қамқорлықтың бір белгісі.

Революцияның алғашқы жылдарында «Тіршілік», «Қазақ мұңы», «Ұшқын», (Орынбор) «Кедей сөзі», «Ұшқын» (Алматы) газеттері мен «Мұғалім» атты журналдың шыққандығын айтпай-ақ қойғанның өзінде, 1921 жылы Орынбор қаласында Қазақтың мемлекеттік баспасы құрылып, «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналының шыға бастауының тарихи мәні зор оқиғалар болды.

Партияның облыстық комитеті мен Қырғыз (қазақ) республикасының саяси-ағарту жөніндегі бас комитеті (Главполитпросвет) ең алғашқы күннен-ақ «егер социалистік революцияның мақсаттары бізге қымбат болса, Шығыста революцияның тұрақты тірегін жасағымыз келсе, егер біз революцияның Шығыста етек алуына дұ-

рыс жол ашқымыз келсе, капиталистік қоршауды талқандағымыз келсе, әрине, сөз жоқ мұны тілейміз, біз коммунистер, Европадан Азияға шығар жолдың торабында тұрған және социалистік революция үшін тұтанғыш материалы өте көп халықты революцияшылдандыруға міндеттіміз. Біз кәзірден бастап еңбекші қырғыз халқының санасы мен психологиясын өмірді жаңа негізде қайтадан құру мақсатына бейімдеуге міндеттіміз — ол үшін ең алдымен коммунизм негіздерін көпшілікке барынша пәрменді насихаттау керек»¹ деп тапты. Оқуағарту орындарының, партия-совет мектептерінің жүйесін көбейту, Орталық Россияға шәкірттер жіберу, халықтың сауатсыздығымен күресу, мәдени-саяси жұмыстың ошағы — кітапхана, клуб, оқу үйлерінің ісін жандандыру, үгіт-насихат жұмысына совет платформасындағы мұғалімдерді кеңінен тарту қажет дей келіп, «Главполитпросвет жұмыстарының орындалуы түбінде әр түрлі саяси мәселелер бойынша қырғыз тілінде әдебиет жасау жөніндегі проблемаға тәуелді болмақ. Қырғыз тіліндегі әдебиетті жіберуді талап еткен өтініштер жер-жерлерден қаптап кетті, бірақ оны орындауға біз мүлде дәрменсіз-біз» деп тұжырымдады.

Осы мәселені шешу мақсатымен Қазақстан партия ұйымының I конференциясы «Партия қатарындағы әдебиетші-қырғыздар партия және совет құрылысының маңызды мәселелері бойынша көпшілікке түсінікті кітапшалар жазуға партиялық тұрғыдан міндеттелсін. Қолтума шығармалар жазу ниетімен қатар аударма жұмысына да аралассын» деп атап көрсетті.

Советтердің II съезінің тапсыруы бойынша Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті 1922 жылдың I июнінде қазақ тілінде баспасөз шығармаларын көбейту туралы алған арнаулы қаулысында еңбекші қазақ халқын ағартуға, мәдени дәрежесін арттыруға барлық білімді азаматтардың борышты екендігін ерекше баса айтып, барлық халық комиссариаттарына, әсіресе Заң, Әлеуметтік қамсыздандыру, Егіншілік, Ден саулық, Оқуағарту комиссариаттарына, — сауатсыздықты жою үшін алғашқы қарапайым оқулықтарды, үндеулерді, плакаттарды, жалпы білімдік, ғылыми, саяси, үгіттік сипаты

¹ Известия Кироблбюро РКП(б) и Оренбург-Тургайского комитета РКП(б), 1921 ж. 10 апрель, № 8—9, 10-бет.

бар кітапшалар мен көркем әдебиет жинақтарын шығаруды тапсырды, мұның орындалуына халық комиссарлары тікелей жауап беретін болып міндеттелінді¹.

Қазақтың мемлекеттік баспасы 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақ жазушыларына», «Степная правда» газетінде «Барлық қырғыз ақындарына, әдебиетшілеріне және қырғыз әдебиетімен әуестенушілерге» үндеу хат жариялап, баспасөз ісін жандандыруға шақырды. Ол үндеу хаттар ауыз әдебиет үлгілерінің жиналмай келе жатқандығын және қазақ ақын-жазушылары өздері шығарған өлеңдерін, пьесаларын баспаға жібермей келе жатқандығын, мектептер үшін оқу құралдарының жасалмай отырғандығын атап көрсете келіп, «Енді бұдан былай қазақ жазушылары өздерінің міндетті жұмысына қатынасып, жазған кітаптары, жинаған ескі халық әдебиеттері болса тезінен баспаханаға жіберсе екен. Қазақ жазушылары, керенаулықты тастар уақыт жетті. Кірісіңдер өздеріңнің игілікті жұмыстарыңа!» деді.

Мәдениет саласындағы істерді шолған уақытта облыстық комсомол комитеті мен Орынбордағы қазақ шәкірттері ұйымдастырған Орталық жастар клубының жұмысы туралы да айта кеткен жөн. Мәдени-ағарту жұмысының ұйытқысына айналған осы клуб азғана уақыттың ішінде өнегелі істерге мұрындық бола білді. Клуб жанында драма, әдебиет, дене шынықтыру, кітапхана үйірмесі мен саяси мектеп белгілі жоспармен қызмет істеді. Клубтың әр үйірмесінде 30—40 тан адам қатысып, жалпы мүшесінің саны 500 адамға жетті. Клубтың әдебиет үйірмесі өзінің алғашқы қадамын Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген лекциясын тыңдаудан бастаған. Кейінгі мәжілістерінде жаңа шыққан шығармаларды талдап, өздерінің тілдерімен айтқанда, «әдеби сот» ұйымдастырып тұрған.

Қазақ халқының мәдени өміріндегі елеулі оқиғаның бірі — 1924 жылы Орынбор қаласында июньнің 12—18-де болған қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Бұл съезде Қазақстан, Түркстан республикаларындағы, Хорезм мен Хивадағы қазақтардың мәдени өркендеуіне ең қажетті мәселелер ретінде жазу ережелері, латын алфавитін қабылдау-қабылдамау, терминология, ауыз әдебие-

¹ ҚКП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының архивы, фонд 139, ед. хр. 453, 6-бет.

тін жинау, оқу-білім кітаптарын шығару мәселелері арнайы талқыланып, көпшілігі практикалық шешімін тапты.

Съезд ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға байланысты алған қаулысында ең алдымен қалай жинау керектігін түсіндіретін нұсқау кітабы шығарылсын, «Елдің арасында қызмет қылу үшін, ауыз әдебиетін жинай білетін кісілерден әр аймаққа арнап кісі сайлансын», олардың жіберген материалдарын Білім кіндігі тексеріп, жарамдысын дереу басып шығарсын, оқу комиссариаты осы мақсат үшін арнаулы қаржы бөлсін делінген.

Осындай пәрменді шаралардың және кейінгі уақыттағы практикалық істердің нәтижесінде 1920—1925 жылдар аралығында толық емес мәлімет бойынша қазақ тілінде 277 кітап шықты.

Мұның үстіне мерзімді баспасөзден «Еңбекші қазақ», «Еңбек туы», «Өртең», «Лениншіл жас», «Тендік» (Орынбор), «Еңбекшіл жастар» (Омбы), «Қазақ тілі» (Семей), «Жас қайрат», «Ақ жол», «Жаңа өріс» (Ташкент), «Бостандық туы» (Петропавл), «Ауыл» (Қостанай), «Тілші» (Алматы), «Кедей тілі» (Астрахань), «Кедей» (Ақтөбе), «Кедей туы» (Орда), «Қызыл ту» (Орал), «Жұмыскер тілі» (Гурьев) газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Жас қазақ», «Лениншіл жас», «Пионер», «Әйел тендігі», «Жаңа мектеп» (Орынбор), «Сана», «Шолпан», «Сәуле», «Шаншар» (Ташкент), «Кедей айнасы», (САКУ оқушыларының жылдық альманағы), «Темірқазық» (Москва), «Таң» (Семей) журналдарын атап өтсек, қазақ баспасөзін жасау жолындағы ірі табыстар өзінен-өзі айқындала түседі.

Егерде қазақ баспасөзінің жыл сайынғы өркендеуін белгілі жүйемен кестеге салсақ, мынаны көреміз:¹

Жылдар	Газет	Журнал	Кітап
1920	4	—	2
1921	6	3	5
1922	8	2	35
1923	9	3	45
1924	10	2	86
1925	13	5	104

¹ «Еңбекші қазақ», 1926 ж. 5 май және С. Имашев «Зарождение коммунистической печати в Казахстане». Алматы, 1961 ж.

Алайда осының бәрі де мәдениетке сусаған, надандық торын тез уақытта талқандамақ болған қазақ халқына аздық қылды.

Елімізді социалистік жолмен реконструкциялау қарсаңында қазақ халқының өмірінде болған елеулі мәдени оқиғалардың бір тармағы осындай. Мұның өзі Коммунистік партияның көздеген мақсатының Қазақстанда пәрменді түрде жүзеге аса бастағанының айғағы және мәдениет революциясының алып қарқынмен өрістей түскендігінің дәлелі. Мұндай мәдени оқиғалар ең аз дегенде екі тұжырым жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, қазақ халқы азғана жылдың ішінде ескілік пен мешеулікті, қараңғылық пен надандықты жоюдың бірден-бір даңғыл жолына түсіп, әрбір жылы ғасырға тең болатын революциялық даму бағытын ұстағандығын, екіншіден, мәдениеттің ең қуатты саласының бірі — көркем әдебиет — жеке-дара дамымай, қазақ журналистикасымен, публицистикасымен қанаттаса, үзінгі қағыса дүниеге келгендігін көреміз.

Қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістер көркем сөз саласында әртүрлі мән-мақсат, бояумен суреттелді. Октябрь революциясын қуанышпен қарсы алып, өзінің жалынды өлеңін қолындағы революциялық қаруына серік еткен Сәкен Сейфуллин, Баймағанбет Ізтөлін, алғашында шөлкем-шалыс басып, артынан адал жолға түскен Бейімбет Майлин, еңбекші халықтың ой-арманын, тілек-мұңын өз творчествосына арқау еткен Сәбит Мұқанов, жалынды сөзін елді оятуға арнаған Ілияс Жансүгіров және тағы басқа ақын-жазушылар жаңа өмірдің жыршысына айналып, әрбір жаңалықты халыққа жеткізіп отырды. Бұл — әдебиет тарихы бұрын білмеген жаңа сарын.

Қоғамдық өмірдің адуынды қарқынынан қорыққан, ескіліктің шашпауын көтерген, совет өкіметіне қастандық жасаған ұлтшыл, алашордашыл ақын-жазушылар қазақ халқының өмірінде болып жатқан ұлы жаңалықтарды құбыжық көріп, жаңа өмірдің бетіне күйе жағып, сұрқын кетірмекке тырысты. Қайғы-қасіретке белшесінен батып, бұл дүниеден безді, о дүниенің рахатын іздеді, пессимизмге салынды. Міне бұл — күні өткен ескі өмірдің өлексесін сүйреткен сарын.

Октябрь революциясы тарихтың даңғыл жолына түсірген қазақ халқының өмірін осындай екі сарында жырлау қазақ әдебиетінде екі бағыттың, екі ағымның болғанын, олардың арасында бітіспес күрес жүргізілуге тиіс екендігін аңғартады.

ӘДЕБИ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ-ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ КҮРЕС

«Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылуының нәтижесінде Россияның барлық таптары мен халық топтарының жағдайында негізді өзгерістер болды. Пролетариат үстем тапқа айналды. Қала мен деревняның еңбекші бұқарасы, ең алдымен кедей шаруалар, пролетариаттың төңірегіне топтасты. Халықтың орасан көпшілігі — жұмысшылар, солдаттар, еңбекші шаруалар совет өкіметі жағында болды. Еңбекші халықтың осы күдіретті лагеріне большевиктік партия басшылық етті. Совет өкіметі жауларының лагері — құлатылған помещиктер, капиталистер, кулактар және осылардың мүдделерін қорғаушы: монархистер, кадеттер, эсерлер, меньшевиктер, анархистер және буржуазиялық ұлтшылдар болды»¹.

Адамзат тарихында жаңа заманның негізін салған социалистік революцияның алғашқы дәуірі бір-біріне қарсы тұрған екі үлкен лагерьдің күресіне басталуы тарихи заңдылыққа сүйенеді. Революция жеңгеннен кейін бұрынғы қанаушы таптар өзінің қолындағы қаруын тастай салған жоқ, идеологиясынан безе қойған жоқ.

«Ескі дүниенің реакцияшыл күштері Совет өкіметін

¹ Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы. Алматы. 1959 ж. 260-бет.

алғашқы күндерінде-ақ түншықтыру үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бақты. Жас Совет республикасы интервенция мен азамат соғысын, астыртын қастандық пен диверсияны, саботаж бен террорды, тағы басқа да көптеген қиыншылықтарды басынан өткізді... Осының салдарынан капитализмнен социализмге өту кезеңінде тап күресі өте шиеленісті»¹.

Қоғамдық-экономикалық бес укладтың элементтері бар, әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдениет жағынан мешеу елді социалистік системаға көшіру В. И. Ленидей кемегердің, дана коммунистік партияның қолынан келді.

Әрбір қоғамдық-экономикалық укладтардың өресіне қарай тұсаң идеологиялардан нәр алып келе жатқан халық бұқарасын социалистік идеологияға көшіру мәселесі азғана уақыттың ісі емес екені аян. Әсіресе ғасырлар бойы адам санасына сіңіп келген жекеменшіктік психология табанды да дәйекті идеологиялық күрес арқылы ғана жойылмақ. Міне сондықтан да экономикалық астары бар идеологиялық мәселелер бейбітшілік жолмен шешілетін таптық күрестің ең бір өзекті арнасы болды. Осындай жағдайда идеологиялық құралдардың ең мәнді саласының бірі — көркем әдебиет өзінің қоғамдық ролін атқаруға тиісті ғана емес, міндетті.

«Октябрь көркемөнер мен әдебиет дүниесін екі лагерьге бөлді. Әдебиетшілердің идеялық-творчестволық позициясы қаншама әр алуан, шытырман қайшылықты, тіпті кейбір ретте мүлдем бұлдыр болса да, замана олардың алдына еш бұлтартпайтын және ешбір кешелдетуге болмайтын сұрақ қойды: «Кіммен біргесін? Революцияны жақтайсың ба әлде оған қарсысың ба?»²

Коммунистік партияның көркем әдебиет саласындағы саясатының негізі В. И. Лениннің 1905 жылғы «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» дейтін программалық еңбегінде қаланған болатын. Оның негізгі мәні Сәкен Сейфуллин сияқты дарынды ақын-жазушыларымызға коммунистік идеологияның дана қағидалары ар-

¹ Совет Одағы. Коммунистік партиясының Программасы. Алматы, 1961 ж. 12-бет.

² З. Паперный. «Пролетарская поэзия первых лет советской эпохи» деген мақаласынан алынды. «Пролетарские поэты первых лет советской эпохи» деген жинақ. Ленинград, 1959 ж. 6-бет.

қылы жеткен-ді. Еңбекші елді бақытқа, өмірлікке, жар-
қын өмірге жеткізу мақсаты ақ көңілден жарылып шыққан,
асыл жырды коммунистік мәнге бөлетін, көркемдік боя-
уын қалыңдатқан болатын, сондықтан да Сәкеннің:

Жойылсын құлшылық, кемшілік,
Жасасын әділдік, теңшілік.
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын.

Немесе:

Намысы бар нашардың балалары,
Неше мың жыл құл болған бабаларын,
жолдастар!
Сансыз нашар дүниеде салды ұран
Сол нашардың жалғыз бір паналары,
жолдастар!
Кедей ұлы жігерлі
Бірігіп ұран салып қал!
Қызыл тулы майданда
Бостандықты алып қал,—

деген өлеңдерінің бүкіл қазақ еңбекшілерінің гимніне айналуды осыдан еді. Жаңалықтың жаршысы болған бұл қуатты жырлар дүниеге жаңа келе жатқан қазақ совет әдебиетінің дауылпазы да болды. Жаңа өмірдің адуынды айбынына қарсы тұра алмай, келешектен үміті үзілген алашордашылар мен ұлтшылдар зар илеп жатқанда, Сәкеннің «Жас қазақ марсельезасы» мен «Жолдастары» қазақ сахарасын жаңа музыкаға, жаңа әуенге толтырған-ды.

Октябрьдің ұлы айбынынан нәр алған қазақ совет әдебиетінің алғашқы үні тағылық пен мешеулік, надандық пен сауатсыздық жайлаған қазақ даласына асқақ ән, әсем сөз, ашық мағынамен жайылған еді. Кемеңгер Лениннің социалистік әдебиет өзінің таптық сырын, партиялық бағытын жасырмайды, еңбекші көпшіліктің ой-арманын, тілек-мақсатын ашып айтатын нағыз халықтық әдебиет болады, «...нағыз ерікті әдебиет болады, себебі: оның қатарына жаңа күштерді пайдакүнемдік пен мансапқорлық тартпайды, социализм мен еңбекшілерге этикеттік тартатын болады. Бұл нағыз ерікті әдебиет болады, себебі: ол ретсіз тойғандықтан маубастанған кейіпкерге, семіздіктен қайғы тартқан және азап шеккен «жоғарғы он мыңдарға» қызмет етпейді, елдің гүлі, оның күші, оның болашағы болатын миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерге қызмет етеді»¹ деген данышпан-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 34-бет

дық қағидасы Қазақстанда осылайша жүзеге аса бастады.

Октябрь революциясынан кейін қазақ мәдениетін, әсіресе оның жаңа әдебиетін өркендетуге қажетті жағдайлар мен мүмкіндіктер туды. Компартия программасының негізгі идеяларының қалың көпшілікке кереметтей ықпал еткендігін айқын аңғарту үшін бірді-екілі мысал келтірейік. Түркстан автономиялық республикасының Орталық Атқару Комитетінің қазақ бөліміне 1919 жылы 20 июнь күні Ташкент қаласының Қудринск тұйығында тұрған қазақтардан хат түсті. Онда «біз қаланың орталығынан шалғай жерде тұрғандықтан халықтық, қоғамдық және жекеменшіктік кітапханаларды пайдалана алмаймыз, сондықтан біздің мына өтінішімізге назар аударыңыздар: кітапхана ұйымдастырыңыздар және дауыстап оқитын оқу-үйін құрыңыздар, өйткені біздің арамызда сауатсыздар мен шала сауаттылар өте көп, әйтпеген күнде біз осы уақытқа дейін совет өкіметінің жағдайымен таныс емеспіз, бихабармыз»¹ делінген. Осы тілек аз күннің ішінде орындалып, 28 июнь күні оқу үйі жұмысқа кірісті.

Бұл фактының әдебиетке қатысы жоқ болып көрінгенмен де, қалың бұқараның қоғамдық өмірде болып жатқан жаңалықтарды біліп отырғысы келетіндігін, совет өкіметі арқасында мәдени игілікті пайдалануға қолы жеткендігін, надандық шырмауынан құтылуға бет алған адамдардың рухани тілегінің өсе түскендігін, оны өтеу қажет екендігін аңғармасқа болмайды. Экономикалық қиыншылықтар мен мұқтаждықтар мол жылдарда қазақ еңбекшілерінің материалдық көмектен бұрын рухани тілекті ауыздарына алуы патша заманында қолы жетпеген арманының бір мәнді сабағы деп білген жөн.

Тағы да бір мысал. 1919 жылдың бірінші жартысында Ташкентте халық-ағарту комиссариаты жанынан «Пролетариатқа мәдени жәрдем көрсететін нұсқаушылардың» екі айлық курсы ашылды. Сол курске түсу үшін жазған өтінішінде бала жігіт Ысмайыл Хамзин: «Мен революцияның алғашқы күнінен бастап саяси өмірді бақылап отырдым, ұлы социалистердің өмірімен ынтыға таныстым, социалистік идеялардың мүлде әділетті еке-

¹ Өзбек ССР-ның мемлекеттік орталық архивы, фонд 34 ед. хр. 360, 12-бет.

ніне көзім жеткен соң сол идеяларды құрметтеуші және жақтаушы болып алдым.

«Наша газетадан» пролетариатқа мәдени жәрдем көрсету курсының ашылатындығы жайындағы мақаланы оқығанда жан-тәніммен қуандым, ми қатырғыш орта мектепті тастап, қайткен күнде де мен осы курске түсуге белімді бекем байладым. Босөкпе-саясатқұмарлар ұрасынан сытылып шығып, мен енді азат болдым, пролетариатты ағарту ісіне жан-тәнімменен қызмет ете аламын. Өз идеалымның орындалатындығына сенімім мол» деп жазыпты. Сол кезеңдегі революциялық көңілдің көтеріңкі әуені айқын аңғарылатын осы өтініштің иесі әлгі курсті бітіріп шыққан 44 адамның бірі болды. Революциялық ұлы идеяларды қалың көпшілікке жеткізуді арман еткен жалғыз Хамзин ғана емес, сол кездегі барлық жастардың ой-арманы осы сияқты еді.

Революциялық дәуірдің айбынды шындықтары әрбір саналы азаматтың алдына «сен кіммен бірге боласың, кімді жақтайсың, қандай пайдалы іс атқара аласың?» деген әлеуметтік сұрақты көлденең тартқан болатын. Міне осындай замана талабы күшейген уақытта өн бойында ақындық оты жалындаған Сәкен Сейфуллин мен Баймағамбет Ізтөлін, ел бақытын өз бақытынан артық көрген Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров пен Сәбит Мұқановтар ел еңбекшілерінің ой-арманын, тілек-мақсатын өз шығармаларының арқауына айналдырды. Бейімбет өлеңімен айтқанда:

Сенің зарың — зарлайтыным өмірге,
Сенің арың — арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең мен де соны көрмекпін,
Белді буған ауырға да жеңілге.

Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң — қайғы шерім аршылар.
Айт өлеңді ен даланы жаңғыртып
Қойшы-қолаң, кеше жүрген жалшылар!—

деп өз творчестволарының идеялық платформасын айқындады, қазақ әдебиетінде жаңа бағыт, жаңа ағым тудырды, сөйтіп қазақ совет әдебиетінің негізін қалай бастады. Коммунистік идеологияны көркем шығарманың нәріне айналдырып, жаңа әдебиетті өмір талабына жаратуға, Октябрь революциясының ұлы идеясын, еңбекші халықтың тілегін жырлауға талаптанды.

Қазақ халқын қанаушы таптың билеуіне бермек болған, жартыкеш февраль революциясын қанағат етіп, пан-тюркизм идеясын бұрынғыдан гөрі мол жырлаған алаш-ордашылар мен ұлтшылдар Октябрь революциясының мән-мақсатын халыққа құбыжық етіп көрсетпек болып талай өлеңдер шығарды. Жаңа өмір құруға ұмтылған еңбекшілерді шірік жүрек сасықтар, қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар деп тілдеді. Олар совет өкіметіне қарсы қару алып күресті, бірақ тас-талқаны шығып жеңілді. «Еңбекшілер мен совет өкіметінің қас жаулары болған буржуазияшыл ұлтшылдар Россияны бөлшектеуді»¹ көздеген мақсатына жете алмады. Міне осы жағдайлардың бәрі ұлтшыл ақын-жазушыларға өмірден түңілетін, өлім тілейтін өлеңдер жазғызды. Совет өкіметі нығая түскен сайын ұлтшыл ақындар өз табының тұңғиықтың түбіне құлап бара жатқандығын, енді қайтып оралмайтындығын сезіп, пессимизмге салынды. Сарыуайымға белшесінен батқан ұлтшыл ақындар қазақ халқының бүгінгі шындығынан өз тіршіліктеріне еш мән-маңыз таппай, өлім күйін шертті. Олар өздерінің идеалынан айрылып, саяси-элеуметтік өмірден ығыстырылған уақытта «енді бір жүргенім де, өлгенім де» деп зарлап, өздерін өлімге әдилетті. Жаңалық орнап, мәдени ошақтары көбейіп, шаруашылығы өрге баса бастаған қазақ сахарасы Мағжанға:

Дала, дала, сар дала
Бейне өлік айнала,—

болып елестеді де тұрды.

Сонымен, революцияның алғашқы жылдарында қазақ әдебиетінің көгінде халықты жаңа өмір құруға шақырған, қоғамдық дамудың даңғыл жолына түсуге үндеген советтік әдебиет бағыты мен ескіліктің етегіне жармасқан, өткен заманды көкसेген, өлім күйін шерткен кері-тартпа әдебиеттік бағыт болғандығы жоғарыда келтірілген мысалдардан аңғарылса керек.

Қазақ әдебиетіндегі мұндай жағдайды тек Октябрь революциясынан кейінгі уақытта болған құбылыс деп қана түсінуге болмайды. Екі бағыттың да бастауын әріден іздеу керек.

¹ Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы, Алматы. 1959 ж. 266—267-беттер.